

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 1-сі



«БЕКІТЕМІН»

Басқарма Төрағасы – Ректор
А. Шокпаров
2024 ж.

УЕ-02-04-02

КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАРДЫ ПРАКТИКА БАЗАСЫ РЕТІНДЕ АЙҚЫНДАУ ЕРЕЖЕСІ

Түркістан, 2024

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:

Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімінің басшысы м.а.



А. Ниятова
«02» 09 2024 ж.

«Қонақжайлылық» мектебінің директоры



Э. Алимкулова
«02» 09 2024 г.

«Туризм» мектебінің директор м.а.
«Дене шынықтыру және спорт» мектебінің директоры




С.Нахипбекова
«02» 09 2024 г.

Б. Омаров
«02» 09 2024 г.


КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор




Л. Шалабаева
«02» 09 2024 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINT қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«02» 09 2024 ж.

Академиялық даму бөлімінің басшысы



Г. Сыздыкова
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы (заңгер)



Е. Тасов
«02» 09 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы м.а.



Ж.Сейткулова
«02» 09 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
3	Қысқартулар тізімі	4
4	Нормативтік сілтемелер	4
5	Терминдер мен анықтамалардың тізімі	5
6	Жалпы ережелер	5
7	Кәсіптік практика бағдарламасы және базасы ретінде ұйымды айқындау	8
8	Кәсіптік практиканың міндеттері мен мазмұны	8
9	Кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар	12
10	Кәсіптік практиканы қорытындылауға қойылатын талаптар	14
11	Білім алушылардың міндеттері мен құқықтары	14
12	Өзгерістерді енгізу тәртібі	15
13	Келісу, сақтау және тарату	15
14	Өзгерістерді тіркеу парағы	16
15	Танысу парағы	17
	Қосымшалар:	
	Кәсіптік практиканы өткізу туралы шарт («6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты үшін)	18
	Кәсіптік практиканы өткізу туралы шарт («6B111 Қызмет көрсету» бағыты үшін)	22
	Ынтымақтастық туралы шарт (магистранттардың педагогикалық практикасын өткізу туралы)	25
	Ынтымақтастық туралы шарт (практикалық дайындық және ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы)	28
	Кәсіптік практика бағдарламасы	31
	Кәсіптік практикадан өту үшін Жолдама	38
	Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар кестесі	
	(«6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты үшін)	39
	Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есеп	40
	Қатынас хат	41
	Білім алушының мінездемесі (кәсіпорын жетекшісі тарапынан)	42
	Кәсіптік практика сауалнамасы (кәсіпорын жетекшісі тарапынан)	43
	Кәсіптік практикасынан өту есебі	44

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі» (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университетінде» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) барлық ұйымдық – құқықтық нормалар мен меншік нысанындағы кәсіпорындарда (ұйымдарда) (бұдан әрі – кәсіпорын) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі-ББ) меңгеретін университет білім алушыларының кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже университетте оқу процесін ұйымдастыратын құрылымдар үшін міндетті болып табылады.

2. ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

2.1 Ереже Университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланып, қаралады.

2.2 Ережені Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы бекітеді.

2.3 Ереже талаптарының жүзеге асырылуына Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімі жауапты болып саналады.

2.4 Ереже талаптарының сапалы орындалуына Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімі мен бітіруші мектеп директорлары жауапты.


3. ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ЖОО	– Жоғары оқу орны
ЖЖОКБҰ	– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
КЕАҚ	– Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Университет	– Халықаралық туризм және меймандостық университеті
ЖББМЖМС	– Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ББ	– Білім беру бағдарламасы

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы; «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (20.07.2022 ж. №2); Жоғарғы және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы); Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі (ҚР БҒМ 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы); Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі; «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы (ҚРҒЖБМ 2023 жылғы 27 наурызындағы №125 бұйрығы), Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 5-сі

бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №137) және басқа да нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік құжаттары.

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

Білім алушы – кәсіптік практика туралы шарт негізінде осы Ережеге сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша практикадан өтетін Тұлға.

Кәсіптік практика – болашақ кәсіби қызметпен байланысты жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындау процесінде теориялық білімді, дағдыларды бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге және дамытуға бағытталған оқу іс-әрекетінің түрі.

Практика базасы – жұмыс орнын ұйымдастыруға, білім алуға, кеңес беруге және білім алушыларды бақылауға жауапты кәсіпорынның білікті мамандарымен кәсіби практиканы сүйемелдеуді және басқаруды қамтамасыз ететін кәсіпорын (ұйым).

Тәлімгер – кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын, өндіріс немесе қызмет көрсету саласы технологияларын меңгерген кәсіпорынның (ұйымның) білікті қызметкері.

Практика жетекшісі – практика бағдарламасына сәйкес білім алушының практикасын сапалы өткізуді қамтамасыз ететін университет қызметкері; білім алушыларға практикадан өтуге байланысты барлық мәселелер бойынша консультация береді және білім алушыларға жеке тапсырмаларды орындау және материалдар жинау кезінде әдістемелік көмек көрсетеді.

Кәсіптік практика туралы шарт - кәсіптік практика үшін жұмыс орнын ұсынатын кәсіпорын (ұйым) мен оқу орны арасындағы кәсіптік практикадан өту шарттары мен тәртібін регламенттейтін жазбаша келісім.

6. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша

6.1.1 Университетте білім алушылардың кәсіптік практикасы - жоғары білікті кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда және мектептерде өткізіледі.

6.1.2 Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, оқу жоспарларымен және білім беру бағдарламаларымен айқындалады. Білім беру бағдарламаларына (дайындық бағыттары мен деңгейлеріне) байланысты кәсіптік практиканың тиісті түрлері жүргізіледі. Олар оқу, психологиялық-педагогикалық, педагогикалық, өндірістік педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы болып бөлінеді.

6.2 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша

6.2.1 Магистранттарды практикалық даярлау практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтиды және теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге бағытталған магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті болып табылады.

6.2.2 Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы практиканың

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 6-сі

екі түрін қамтиды:

- 1) педагогикалық – университетте;
- 2) зерттеу - диссертацияны орындау орны бойынша.

6.2.3 Бейінді, MBA/EMBA магистратураның білім беру бағдарламасы - өндірістік практиканы қамтиды.

6.2.4 PhD докторантура практикасы: ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіптік қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

6.2.5 Докторантура білім беру бағдарламасының практикалары:

- 1) педагогикалық және зерттеу практикасы – философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін;
- 2) өндірістік практика – бейінді докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін.

6.2.6 Магистранттар мен докторанттардың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында ұйымдастырылады. Зерттеу практикасының мазмұны магистрлік диссертация (жоба) және докторлық диссертациялар тақырыбымен анықталады. Зерттеу практикасына басшылықты магистрлік диссертация (жоба) және докторлық диссертация жұмыстарының ғылыми жетекшілері жүзеге асырады.

6.3 Кәсіптік практиканы өткізу үшін база ретінде кәсіптік практикаға жетекшілік етуге білікті кадрлары мен материалдық техникалық базасы бар ұйымдар және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін ұйымдар айқындалады.

6.4 Практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны: ҚР МЖМБС, білім беру бағдарламасының мазмұны, жұмыс оқу жоспарлары және практика бағдарламалары арқылы анықталады.

6.5 Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) практикадағы білім алушының нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

6.6 Практика базасын және жіберілетін білім алушылардың санын келісім-шарттарға сәйкес бітіруші мектептер айқындайды.

6.7 Білім алушылардың кәсіптік практикасы университеттегі оқу барысында алған білімдерін бекітуге, алдыңғы қатарлы тәжірибені меңгеруге бағытталады. Өндірістік білім алу үдерісінде білім алушылар кәсіби және ұйымдастырушылық тәжірибені меңгеруге міндетті.

6.8 Білім алушыларды кәсіптік практиканың барлық түрлеріне өту мерзімдерін, практиканың базасы мен жетекшісін көрсете отырып жіберу бітіруші мектептердің ұсынысы негізінде, университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

6.9 Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімінің қызметкері білім алушылардың практикаға жіберу туралы мәліметтерін бұйрықтарға сәйкес «Платонус» ААЖ-ға енгізеді.

6.10 Практиканың әрбір түрінен өтер алдында бітіруші мектептер білім алушыларға ашылу конференциясын өткізеді және қажетті құжаттар пакетімен таныстырады.

6.11 Кәсіпорыннан (практика базасынан) практика жетекшісі:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 7-сі

6.11.1 білім алушыларға практика бағдарламасына сәйкес білікті жетекшілікті жүзеге асыруға;

6.11.2 білім алушыларға қауіпсіз жұмыс жағдайын (техника қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша міндетті нұсқаулық өткізумен) қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайда қауіпсіздік еңбек әдістерін оқытуға;

6.11.3 практика аяқталғанда әрбір білім алушының жұмысы туралы жазбаша мінездеме (10-қосымша) беруге.

6.11.4 кәсіптік практика сауалнамасын (кәсіпорын жетекшісі тарапынан) толтыруға (11-қосымша) міндетті.

6.12 Бітіруші мектептерде білім алушылардың кәсіптік практика есептерін қабылдау үшін Өкім негізінде комиссия құрылады.

6.12.1 Бакалавр білім алушылары үшін есепті қорғау жөніндегі комиссия құрамына мектеп директоры, оқытушы, жауапты практика жетекшісі, кемінде 3 адам, енгізіледі.

6.12.2 Магистранттар/докторанттар үшін есепті қорғау жөніндегі комиссия құрамына ғылыми жетекшілер, мектеп директоры, Ғылыми зерттеу орталығының қызметкері, кемінде 3 адам, енгізіледі.

6.13 Бітіруші мектептен практика жетекшісі:

6.13.1 практикадан өтуіне мерзімді бақылауды жүзеге асыруға;

6.13.2 білім алушылардың практикадан өту күнделік-есептерін 8 -қосымшаға сәйкес толтыруына тексеру жүргізуге;

6.13.3 қажет болған жағдайда, практика базасының қызметкерлеріне практиканы ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік және басқа да көмек көрсетуге;

6.13.4 практика бойынша есептерді тексеруге;

6.13.5 бітіруші мектептер директорларының өкімімен құрылған комиссия мүшелерімен бірлесе отырып, практикадан өту туралы білім алушылардың есептерін қорғауын қабылдауға және бағалауға;

6.13.6 академиялық күнтізбеге сәйкес, есепті қорғағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде «Платонус» деректер базасына практика бойынша баға қоюға міндетті.

6.14 Практика бойынша қорытынды баға практика жетекшісінің кәсіпорыннан берген бағасы (40%) және есепті қорғау жөніндегі комиссияның берген бағасы (60%) сомасы ретінде айқындалады.

6.15 Білім беру ұйымдары әкімшілігі өкілдерінің (директор немесе директордың орынбасары), психологиялық-педагогикалық, педагогикалық, өндірістік педагогикалық практикада білім алушылардың менторының (тәлімгерінің) мөлшері мен еңбегіне ақы төлеуді университет дербес айқындайды.

6.16 Тәжірибе үшін төлемді оңтайлы есептеу үшін Университет ағымдағы оқу жылына бір кредиттің белгіленген орташа өлшенген құнын пайдалануды ұсынады.

6.17 Кәсіптік практикадан өту кезінде білім алушы стипендия алуға құқылы.

6.18 Кәсіптік практиканы, зерттеу және эксперименттік жұмыстарды, ғылыми тағылымдамаларды практика базаларында, ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда күндізгі оқыту нысанда жүргізіледі. Бұл ретте, білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты онлайн нысанда өткізуге жол

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 8-сі

беріледі.

7. КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ БАЗАСЫ РЕТІНДЕ ҰЙЫМДЫ АЙҚЫНДАУ

7.1 Білім алушылардың кәсіптік практикасы үшін база ретінде мамандарды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін кәсіптік практиканы жүргізу үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

7.2 Білім алушылардың кәсіптік практика базасын дербес іздестіруді жүзеге асыруға және аталған база білім беру бағдарламасының бейіні мен практикалық дағдылар, іскерліктерді қалыптастыруда бағдарлама бойынша оқытудан күтілетін нәтижелеріне сәйкес келген жағдайда практикадан өту туралы үш жақты келісім шарт жасасуға құқылы.

7.3 «Білім туралы» Заңның 38-бабының б) тармақшасына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың екінші курсынан міндетті түрде кәсіптік практикадан өту көрсетіледі. Кәсіптік практиканың мазмұны мен базасы мамандықтың бейініне және білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес айқындалады. Осы Ереженің 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша базалары бар кәсіптік практика келісім шарты практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады.

7.4 Келісім шарт Университеттің, кәсіптік практика базасы болып табылатын кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

7.5 Кәсіптік практиканың базасы болып табылатын ұйым білім алушыларға кәсіптік практика бағдарламасы бойынша оның өтетін орнын ұсынады және білім алушылардың жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді.

7.6 Кәсіптік практика бағдарламасы өзінің мазмұнында кәсіптің бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің сипатын, технологиялық процесс пен практика нысанын көрсетеді. Кәсіптік практика бағдарламасы мерзімді түрде жаңартылып отырады және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін, практикада қолданылатын инновациялық технологияларды қамтиды.

7.7 Оқу жоспарында пререквизиттерді, яғни кәсіптік практикадан сәтті өту үшін қажетті негізгі теориялық курстардың тізбесін көрсету қажет.

7.8 Практика бағдарламасында қамтылады:

- білім алушылардың жеке тапсырмаларының мерзімі мен мазмұны, ұзақтығы мен негізгі бағыттары;
- білім алушылардың инновациялық процестерге және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тиімділігін арттыруға бағытталған іс-әрекеттерге қатысуы;
- тәжірибе есебін қорғау және оны бағалау критерийлері.

7.9 Практика білім алушылардың денсаулық ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылады.

8. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ

8.1 Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша

8.1.1 Оқу практикасының мақсаты – білім алушыларды практика базасы қызметінің бағыттарымен, болашақ кәсіби қызметтің функцияларымен таныстыру. Бакалавриаттың барлық

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 9-сі

білім беру бағдарламалары үшін оқу практикасы 1 курста өткізіледі.

Оқу практикасының негізгі міндеттері:

- 1) салауатты өмір салтының негізгі ережелерін меңгеру;
- 2) практика базасы қызметінің негізгі бағыттарымен танысу;
- 3) тұрмыстық және төтенше жағдайларда тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негіздерімен және болашақ кәсіби қызметтің функцияларымен танысу;
- 4) болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен жалпы танысу;
- 5) еңбек ұжымында жұмысты орындау дағдыларын меңгеру;
- 6) практика болашақ мамандықтың мәні мен мазмұнын түсінуге бағытталған.

8.1.2 «6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша психологиялық-педагогикалық практикадан өтудің мақсаты білім алушыларда білім беру үдерісін, психологиялық-педагогикалық қызметті ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі туралы тұтас түсінік қалыптастыру, білім алушылар ұжымын және жеке тұлғаны жеке дамытуда оқыту мен тәрбиелеуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Психологиялық-педагогикалық практика оқыту бағыты бойынша 2 курста өткізіледі.

Психологиялық-педагогикалық практикадан өту қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері:

- 1) психологиялық бақылау құрылымының негізгі ерекшеліктерін, мұғалімнің педагогикалық процесс субъектілерімен өзара әрекеттесу тәсілдерін білу;
- 2) ұжымды және жекелеген білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерделеуді жүргізу;
- 3) оқу-тәрбие процесін дидактикалық, психологиялық аспектілерде талдау және жоспарлау;
- 4) сынып жетекшісінің/куратордың көмекшісі ретінде сыныптағы тәрбие жұмысын жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерін бағалау, оның кері байланысын жүзеге асыру;
- 5) білім алушылардың жетістіктерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолдану;
- 6) білім алушылардың әлеуметтену және кәсіби өзін-өзі анықтау процестеріне педагогикалық қолдау көрсету;
- 7) білім алушы мен ұжымның жеке басының психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастыру.

8.1.3 «6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша педагогикалық практикадан өтудің мақсаты болашақ педагогтерде оқу-тәрбие процесін жобалаудың, ұйымдастырудың, іске асырудың және рефлексиялаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру, кәсіби-педагогикалық бағытты қалыптастыру болып табылады. Педагогикалық практика оқыту бағыты бойынша 3 курста өткізіледі.

Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық қызметтің бастапқы тәжірибесін алу;
- 2) оқыту және оқыту әдістемесін меңгеру;
- 3) педагогикалық шеберліктің негіздерін білу;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 10-сі

- 4) оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізу дағдыларын үйрету;
- 5) ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеу дағдыларын меңгеру;
- 6) тәрбие жұмысының әдістемесін меңгеру;
- 7) оқытудың инновациялық технологияларын білу;
- 8) оқу және тәрбие жұмысы барысында оқушыларға олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке көзқарасты жүзеге асыру.

8.1.4 Өндірістік практиканың мақсаты кәсіби құзыреттілікті бекіту, кәсіби қызметтің практикалық дағдылары мен тәжірибесін игеру болып табылады. Өндірістік практика 2, 3, 4 курстарда және «6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша 4 курста диплом алдындағы практикадан өткенге дейін жүргізіледі.

Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

- 1) Білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерделеу;
- 2) теориялық білімді бекіту және осы негізде кәсіби дағдыларды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;
- 3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;
- 4) ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибе жинақтау;
- 5) командалық жұмыс дағдыларын, басқарудың корпоративтік қағидаттарының құзыреттерін игеру;
- 6) өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестерімен пайдалы байланыс орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын игеру.

8.1.5 Диплом алдындағы практика теориялық дайындықты аяқтағаннан кейін бітіру курсына өткізіледі. Практиканың мақсаты - білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, диплом тақырыбы бойынша акпарат жинау.


Диплом алдындағы практиканың негізгі міндеттері:

- 1) дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинау, өңдеу және жалпылау;
- 2) дипломдық зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтер мен практикалық материалдарды талдау;
- 3) диссертация (жоба) тақырыбы бойынша қорытындылар, заңдылықтар мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- 4) белгіленген талаптарға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) ресімдеу.
- 5) диплом алдындағы практиканы әдетте дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі қадағалайды.

8.2 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша

8.2.1 Ғылыми-педагогикалық бағыттың магистранттары мен PhD докторанттары педагогикалық практикадан өтеді, ол пәндер циклін немесе жалпы теориялық оқыту курсы аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады.

8.2.2 Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, мәдениеттану, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімді бекіту және тереңдету, теориялық білім негізінде дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылар тобымен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын жетілдіру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 11-сі

Магистранттар бакалавриатта, докторанттар бакалавриатта және магистратурада сабақ өткізуге тартылуы мүмкін.

8.3 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың және PhD докторанттардың педагогикалық практикасының негізгі міндеттері:

8.3.1 оқытылатын ғылымның ерекшелігін ескере отырып, оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдануға үйрету;

8.3.2 білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін, олардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау біліктерін бекіту;

8.3.3 білім алушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық іскерліктерін қалыптастыру;

8.3.4 университеттің болашақ оқытушысының кәсіби маңызды жеке қасиеттерін дамыту.

8.4 Магистранттардың педагогикалық практикадан өту орны (базалары) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың білім беру бағдарламасына сәйкес университеттің бітіртуші мектептері болып табылады.

8.5 Магистранттардың/докторанттардың педагогикалық практикасы бітіртуші мектептен бекітілген практика жетекшісінің бақылауымен жүргізіледі.

8.6 Практика жетекшісі практика қорытындыларын шығаруға және практикадан өтушінің қызметін бағалауға қатысады.

8.7 Өндірістік практика бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

8.8 Өндірістік практика магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша кәсіптік қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

8.9 Оқытудың бейіндік бағыты магистранттарының өндірістік практикасы 2-ші семестрде өткізіледі.

8.10 Магистранттың өндірістік практикасының мазмұны жобалық зерттеу тақырыбымен анықталады.

8.11 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның және PhD докторантураның зерттеу практикасы білім беру бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылады.

8.12 Магистранттың/докторанттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерімен, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі.

8.13 Зерттеу практикасының негізгі міндеттері:

8.13.1 жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша пәндерді оқу процесінде магистрант/докторанттардың алған білімдерін, машықтары мен дағдыларын бекіту;

8.13.2 кәсіби салада өзіндік ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру;

8.13.3 магистрант/докторанттардың ғылыми зерттеудің заманауи әдіснамасын зерделеуі;

8.13.4 ғылыми ақпаратты жинау, талдау және өндеудің заманауи әдістерін зерттеу. зерттеудің оңтайлы әдістерін таңдау;

8.13.5 зерттеу жүргізу және эмпирикалық материалдарды жинау үшін құралдарды құрастыруға оқыту;

8.13.6 қазіргі заманғы ғылым әдіснамасына сәйкес магистрант/докторанттарға ғылыми

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 12-сі

зерттеу жүргізуді ұйымдастыру;

8.13.7 магистрант/докторанттардың ғылыми зерттеу жүргізуге шығармашылық көзқарасын жандандыру және ынталандыру;

8.13.8 семинарлар мен ғылыми конференцияларда есептер, жарияланымдар, баяндамалар түрінде алынған нәтижелерді баяндаудың жазбаша және ауызша коммуникацияларын меңгеру;

8.13.9 көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

8.14 Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

8.15 Магистрант/докторанттардың зерттеу практикасына басшылықты магистрант/докторанттардың диссертациясының ғылыми жетекшісі және практика орнынан жетекші жүзеге асырады.

9. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 *Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша:*

9.1.1 Кәсіптік практикалар білім беру бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады.

9.1.2 Кәсіптік практикалар негізгі оқу үдерісінен тыс жүргізіледі.

9.1.3 Кәсіптік практикалар кәсіпорындарда, мекемелерде, мектептерде, және университетпен шарт жасасқан мекемелерде өтеді.

9.1.4 Кәсіптік практикаға жіберу туралы ұсынысты бітіруші мектептер университетпен шарт жасасқан мекемелерге сәйкес дайындайды.

9.1.5 Оқу-әдістемелік жоспарларды, практикаға арналған бағдарламаларды дайындауды, оны сапалы ұйымдастыруды және іске асыруды тиісті бітіруші мектептер жүзеге асырады.

9.1.6 *Университет:*

9.1.6.1 Университеттің білікті оқытушылар қатарынан білім алушыларға практика жетекшілері тағайындалады, ол мекеменің басшыларымен байланыс орнатуға міндетті.

9.1.6.2 Практика жетекшілері практика өтетін кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және білім алушыларға кәсіптік практика бағдарламаларын ұсынады.

9.1.6.3 Білім алушылардың практикасын ұйымдастырады және жүргізеді, оның ұзақтығы мен мазмұнын бақылайды.

9.1.6.4 Практикаға жіберілетін білім алушылардың оқу жылы үшін медициналық куәландыру туралы құжат жарамды болып саналады.

9.1.7 *Университет тағайындаған практика жетекшісі:*

9.1.7.1 Практика басталар алдында білім алушыларға ашылу конференциясын ұйымдастырады.

9.1.7.2 Оқу жоспары мен кәсіптік практика бағдарламасына сәйкес білім алушыларға кеңес береді.

9.1.7.3 Білім алушылардың еңбек жағдайлары мен тұрмысын қамтамасыз етеді, оларды еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік бойынша міндетті нұсқамалармен қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын орындау бойынша кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды қадағалауды жүзеге асырады.

9.1.7.4 Білім алушылардың кәсіптік практикасы туралы есептерді қарайды, жұмыс және

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 13-сі

олардың қорғауға дайындығы туралы пікір береді, дайындығын жақсартуға байланысты ұсынымдар мен ескертулер береді.

9.1.7.5 Білім алушылардың кәсіптік практикасының қорытынды есеп беру конференциясын ұйымдастырады.

9.1.7.6 Білім алушылардың кәсіптік практикасының қорытынды есептерін бітіруші мектеп директорларының өкімдерімен бекітілген комиссия құрамы қабылдап, бағалайды.

9.1.8 *Кәсіптік практика базасы болып табылатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен мектептер:*

9.1.8.1 Екі жақты немесе үш жақты шарт (университет – кәсіпорын) негізінде білім алушылардың практикасын ұйымдастырады.

9.1.8.2 Білім алушыларға бағдарламаға сәйкес практикадан өту орындары беріледі.

9.1.8.3 Практика кезеңінде білім алушылардың білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру, құқық, технология, Өндіріс экономикасы, ұйымдастыру және басқару және басқа да салаларда оқыту үшін қажетті жағдайлар жасайды.

9.1.8.4 Білім алушыларға қолда бар әдебиеттерді, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануға, сондай-ақ қажет болған жағдайда (егер бұл шартта көзделсе) көшіруге мүмкіндік беріледі.

9.1.8.5 Дипломдық жұмыстарға арналған материалды таңдауға көмектеседі:

9.1.8.6 Еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік бойынша міндетті нұсқама өткізіледі: жұмыс орнында белгіленген құжаттарды ресімдей отырып, кіріспе нұсқама, қажет болған жағдайда еңбекті қорғау бойынша нұсқама өткізеді.

9.1.8.7 Білім алушылардың осы кәсіпорында, мекемеде, ұйымда белгіленген ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді.

9.1.8.8 Өндірістік қажеттілікке байланысты практика базаларында белгіленген мөлшерлеме бойынша жарна төлей отырып, жақсы дайындалған тағылымдамадан өтуші білім алушылар уақытша жұмысқа қабылданады.

9.1.8.9 Мекемеден тағайындалған практика жетекшісі білім алушылардың күнделіктерінің жүргізілуін бақылайды, тапсырмалардың орындалуына қол қояды және растайды, оларға жеке тапсырмалар және бағдарламаның орындалуы бойынша деректермен кәсіби сипаттамалар береді.

9.2 Жогары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша

9.2.1 *Магистрант/докторант практикадан өту кезінде:*

9.2.1.1 педагогикалық практикадан өтудің бекітілген жеке жоспарын алу;

9.2.1.2 педагогикалық практика бағдарламасында көзделген барлық жұмыс түрлерін жеке жоспарда көрсетілген мерзімде орындау;

9.2.1.3 практикадан өту базасында қолданыстағы ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;

9.2.1.4 практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуі тиіс (8-қосымша).

9.2.2 *Магистрант/докторант зерттеу практикасынан өту кезінде:*

9.2.2.1 практикадан өтуге белгіленген мерзімде практика базасының қарамағына келу;

9.2.2.2 практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуі тиіс, (8-қосымша);

9.2.2.3 тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік машықтану орнында өндірістік тәртіптемені сақтау;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау ережесі		УЕ-02-04-02
Бекітілген 02.09.2024	Басылым № 4	45 беттің 14-сі

